



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

№33 (1857)
8 қазан
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Еуропа Кеңесі білім департаментінің басшысы, Дублин қалалық университетінің құрметті докторы, профессор Шур Берган көшбасшылық дәріс оқыды.

Шур Берганның дәрісі тағылымды болды



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті қонақты таныстырып, білім саласындағы басты жетістіктеріне тоқталды.

Шур Берган – Еуропа Кеңесі жанындағы білім беру саласының көрнекті сарапшысы. Ол 2000 жылдан 2022 жылдың сәуіріне дейін Болон үдерісі тобы мен басқармасында Еуропа Кеңесінің өкілі болды.

Жиында ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев Шур Берганға алғыс айтып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессоры атағын және «Әл-Фараби» алтын медалін табыстады.

(Көшбасшылық дәрістің толық нұсқасын 3-беттен оқи аласыздар)

Сенатор көшбасшылық дәріс оқыды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Парламенті Сенатының депутаты, академик Бақытжан Жұмағұлов оқытушы-профессорлар, докторанттар және магистранттармен кездесті.

Кездесуді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, академиктің ғылымдағы қайраткерлік жолына тоқталды.

Бақытжан Жұмағұлов – ҚазҰУ-дың механика және қолданбалы математика факультетінің түлегі. Еңбек жолын ғылыми және ұстаздық қызметтен бастап, қара шаңырақта ассистент, профессор, кафедра меңгерушісі болды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін абыроймен басқарып, білім ордасының дамуына елеулі үлес қосты.

Білім сапасына басымдық беріледі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің қатысуымен «Әлемдік білім беру кеңістігіндегі трансұлттық өзара әрекеттестік» атты VI орталықазиялық халықаралық форумының ашылу салтанаты өтті.



ҚР IAAR бас директоры Алина Жұмағұлова шараны ашып, білім беру жүйесінің жаһандық сын-қатерлеріне тоқталып, білім беру саласындағы ынтымақтастық пен мәдени алмасудың маңызын ерекше атады.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев трансұлттық өзара іс-қимыл және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелеріне арналған форум тақырыбының өзектілігіне тоқталып, зерттеу университеті

– бұл білім мен ғылымның көптармақты мәселелерін шешуге қабілетті модель екенін атап өтті.

ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтау хатын ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұлов оқыды. Онда адами капитал мен білім сапасы ұлттық күн тәртібінің басты басымдығы екені айтылды.

Жиында сөз алған ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жоғары білім сапасын арттыру жолындағы мақсат-міндет-

терге назар аударды. Ведомство басшысы форум қатысушыларына көптеген мәселелерді алқалы түрде пысықтауды ұсынды. Оның қатарында жоғары білімнің қандай моделін, атап айтқанда: әлеуметтік тегін, тәуелсіз немесе аралас түрін енгізу мәселесін атады. «Демографиялық жарылыс, білім алушылар санының артуы онлайн-білім беру контентін және цифрландыруға қол жеткізуді қажет етті», – деді министр.

Жалғасы 2-бетте



Дулат ИСАБЕКОВ:
Төртінші курстан танымал болдым

5-бет



Пресс-служба КазНУ стала лауреатом международного конкурса

6-бет



Абель ПОЛЕСЬЕВ:
Ізденімпаз ғалымдарға жол беру керек

7-бет

ҚазҰУ жастары EcoStudentKZ челленджін қолдады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері EcoStudentKZ республикалық челленджіне қызу қолдау білдірді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен өткен «Қоқыссыз таза табиғат» жалпыұлттық акциясы аясында ұйымдастырылған экологиялық сенбілікте ҚазҰУ жастары танымал туристік орындар – Көкжайлау үстірті мен Бұтақты шатқалын қоқыстардан тазарту жұмыстарына қатысты.



жастары және қала әкімдігімен бірге үлкен игілікті іс атқарды деп ойлаймын. Мен барша қала тұрғындарын тазалықты сақтауға шақырамын. Мұндай шаралардың жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпалы зор», – деп атап өтті.

Экологиялық акция аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығында да жалпы университеттік сенбілік өтті. Оған университет басшылығы, оқытушы-профессорлар

құрамы мен студенттер – барлығы 4000-нан астам адам атсалысты.



Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев қалашықта өткен сенбілікке арнайы келіп, атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйін пысықтады. Ректор акцияға қатысушы жастармен пікірлесіп, қоршаған ортаға қамқорлық танытуға шақырды.

Сенбілікке 10-ға жуық арнайы техника жұмылдырылып, 80 текше метр қоқыс пен жапырақтар жиналды.

Соңы жастардың көңілді кешіне ұласып, домбыра, гитара аспаптарының сүйемелдеуімен әндер шырқалып, күй тартылды.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Білім сапасына басымдық беріледі



Соңы. Басы 1-бетте

Шара аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ҚазҰУ-дың наноспутник зертханасы, Жерді қашықтықтан зондтау орталығы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының жұмысымен танысты.

Сондай-ақ жиын барысында рейтинг жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агентігі (IAAR) рейтингінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық уни-

верситеті бірінші орынды иеленді.

Одан әрі форум жұмысы панельдік сессияларға жалғасты. Онда «Шынайы жаһандық жағдайдың білім берудің дамуына ықпалы», «Университет архитектурасы: жаңа үлгілер мен мүмкіндіктер», «Цифрлық трансформация дәуіріндегі медициналық білім берудің сапасы», «Студентке бағытталған әдіс: басқару және мәдениет» тақырыбы аясында баяндамалар тыңдалады.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Рейтингтік мүмкіндіктер мен тәуекелдер талданды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы QS өңірлік директоры Сергей Христюковпен кездесті. Жүздесуде QS рейтингінің келесі кезеңіне дайындық барысы, негізгі мүмкіндіктер мен тәуекелдер талданды.

Кездесуді ашқан Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Фатима Надырқызы: «Шын мәнінде жаһандық және пәндік рейтингтердегі позициялар біздің қызметіміздің нәтижесін көрсетеді. Біз үшін жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін және оның рейтингтердегі көрінісін өлшеуде қолданылатын индикаторларды негізгі қызметімізге қалай енгізуге болатынын түсіну маңызды. Оны оқытушылар, білім алушылар және жалпы университет қызметінің сапасын арттыру үшін тиімді пайдалануымыз керек», – деп, рейтингтерге қатысудағы негізгі мақсатты айқындап өтті.

QS өңірлік директоры Сергей Христюков «Келесі жылдың рейтингтік цикліне дайындық: негізгі мүмкіндіктер мен тәуекелдер» атты баяндама жасап, ҚазҰУ ұжымы мен Гүлшарат Минажева

жетекшілік ететін стратегиялық даму орталығының жұмыс нәтижелерін жоғары бағалады.

«Университеттің барлық көрсеткіштерінің динамикасы өте жақсы. Мұны QS жаһандық рейтингінде аймақ және бүкіл Орталық Азия бойынша рекордтық көрсеткіштеріңіз көрсетіп отыр. Баяндамада біз бұл жетістікке әсер еткен факторлар, оның құрамдас бөліктері мен негізін көре аламыз, соның нәтижесінде ҚазҰУ беделі жергілікті және халықаралық деңгейде қалыптасты. Сондай-ақ келесі жылдың рейтингтік цикліне дайындық мүмкіндіктерін кеңінен қарастырамыз», – деді QS өңірлік директоры.

Бұдан әрі семинар жұмысы фокус-топтар жұмысының шеңберінде жалғасты.

Света ӨМІРФАЛИЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Астана қаласында өткен «AMANAT» партиясының кезектен тыс XXIV съезіне қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес, бірінші кезекте алдағы президент сайлауына партиядан кандидат ұсыну мәселесі қаралды. Өз сөзінде «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов «AMANAT» партиясының атынан Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсынды.

Пікір алмасып, дауыс беру рәсімінен кейін кезектен тыс XXIV съездің шешімімен «AMANAT» партиясы президенттікке Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсынды.

Жиын барысында партияның жаңа Саяси тұғырнамасы бекітіл-

«AMANAT» президенттікке өз кандидатын ұсынды



ді. Бұл идеологиялық құжат дамуының негізгі бағыттары мен саяси бірлестіктің принциптерін көрсетеді.

Партия төрағасы Ерлан Қошанов съезде қабылданған

«AMANAT-тың» Саяси тұғырнамасы ұзақ мерзімді және стратегиялық құжат екенін атап өтті.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Бәсекеге қабілетті білім мекемесі

Алматыда «Тұран» университетінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жаһандық өзгерістер: ғылым және білім талабы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум өтті.

Шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұлов, көрнекті ғалымдар, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты.

Министр өз сөзінде «Тұран» университетінің жетістіктері мен белестерін атап, бүгінде ел ғылымының кадрлық құрамын қалпына келтіру үшін қабылданып жатқан шараларға тоқталды.

«Алда атқаратын үлкен жұмыстар күтіп тұр, ғалым мәртебесін қайтарып, еліміздің зерттеу корпусын қалпына келтіру қажет. Бұл үшін бүгінде жүйелі шаралар қабылдануда. Докторантура мен постдокторантураға гранттар саны өсті, стипендия сомасы да екі



есеге артты. Ел Президентінің тапсырмасы бойынша ғылыми тағылымдаманың жеке бағдарламасы іске қосылды», – деді министр.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев жиында сөз алып, Қазақстандағы тұңғыш жекеменшік оқу орнын 30 жылдық белесімен құттықтады.

«Білім ордасы осы уақыт ішінде өзін бәсекеге қабілетті білім мекемесі ретінде танытып, экономикалық, гуманитарлық, құқықтық сала мамандарын тәрбиелеп шығарды. Рахман Алшанұлы С.М.Киров атындағы

Қазақ мемлекеттік университетінде академик Өмірбек Арсланұлы Жолдасбековтің қасында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарып, орасан зор еңбек сіңірді. Оқу орнының «Тұран» атауы кездейсоқ таңдалған жоқ, оның символдық мәні бар», – деді Жансейіт Түймебаев.

Форумға қатысушылар білім мен ғылым саласындағы өзекті мәселелер және жоғары оқу орнының бүгінгі жетістіктері жайлы сөз қозғап, университет ұжымына жемісті жұмыс тіледі.

Гүл БАЯНДИНА

Ынтымақтастық біліктілікті арттырады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Әбу Әли ибн Сина атындағы Тәжік мемлекеттік медицина университеті делегациясының сапары аясында екіжақты ынтымақтастықтың білім, ғылым және медицинаны дамыту бағыттары талқыланды.

Кездесуде ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Хайдар Тасыбеков университет жетістіктеріне тоқталып, тәжікстандық әріптестермен ынтымақтастық аясын кеңейтуге, екіжақты ықпалдастық мүмкіндіктерін талқылауға дайын екенін жеткізіп,



өзара әріптестіктің маңызын атап өтті.

Ректор Гүлзода Махмадшох Курбонали өз кезегінде Әбу Әли ибн Сина атындағы ТММУ қызметі жөнінде ақпарат берді.

«Біз әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ұмтыламыз. Қазіргі уақытта 150-ден астам шетелдік университет-

пен келісімшарт жасалды. Соның ішінде ҚазҰУ-мен медициналық бағыт бойынша ұзақ байланыстарымыз бар. Болашақта біз өзара академиялық алмасу, қос-дипломды білім беру сияқты ынтымақтастық бағыттарын жолға қоямыз деп үміттенеміз».

Әйгерім ӨУЕЗХАНҚЫЗЫ

В КазНУ имени Аль-Фараби выступил с лидерской лекцией руководитель Департамента образования Совета Европы, почетный доктор Дублинского городского университета профессор Шур БЕРГАН.

обучаем понять, как мы можем использовать опыт, который мы получили вовремя ковида и интегрировать его в процесс преподавания. Как я уже говорил, важно использовать не только онлайн обучение или только проведение лекций в аудиториях, но как мы можем комбинировать и максимально использовать эти два процесса.

знать о химии и такие навыки, которые любой выпускник университета должен иметь. Это критическое и аналитическое мышление, навыки презентации и так далее. Университеты должны обеспечить своих студентов и выпускников навыками в двух сферах: предметными и трансверсальными навыками. Если говорить о том, что уже

должен получить поддержку. Это прекрасная идея. Я считаю, что региональное сотрудничество очень важно. Конечно, оно не может заменить глобально сотрудничество, но является важной ее частью. Казахстан очень важный член Европейского пространства и с помощью этого может быть мостом с другими странами Центрально

Почетного гостя приветствовал Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит

этим очень хорошо, так как в странах, как Казахстан информационные технологии очень развиты, поэтому

Шур БЕРГАН, руководитель Департамента образования Совета Европы, профессор:



Туймебаев. В своей речи руководитель университета, представив лектора, отметил его главные достижения. Профессор Берган является видным экспертом в сфере образования при Совете Европы. Он внес весомый вклад во внедрение Болонского процесса, а также создание ЕПВО. Один из основных авторов «Лиссабонской конвенции о признании» сыграл ключевую роль в подписании этого стратегического документа получил награду Европейской ассоциации международного образования в номинации «Видение и лидерство». На сегодняшний день, профессор Берган, продолжает свою деятельность в Совете Европы по фундаментальным ценностям высшего образования.

В своей лекции на тему «Структурные реформы в европейском пространстве высшего образования» лектор затронул актуальную тему качества высшего образования, его соответствия стандартам Болонской системы, предусматривающей создание согласованной и последовательной структуры о признании соответствующих квалификаций в системе высшего образования. Европейская система высшего образования прошла этап стремительного развития с момента принятия «Лиссабонской конвенции о признании» в 1997 году. В рамках структурных реформ встал ключевой вопрос о контроле качества высших учебных заведений, образовательных программ, которые должны соответствовать высоким стандартам и требованиям Болонской системы.

«Во-первых, спасибо большое университету за приглашение и такой теплый прием. Я в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби уже во второй раз, и я безгранично рад и благодарен КазНУ за то уважение, которое мне было оказано сегодня», – поблагодарил Шур БЕРГАН в начале лекции руководство университета.

КОМБИНИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ

«Во время пандемии как в Казахстане, так и в Европе университетам пришлось быстро изменить свой подход к образовательному процессу: от лекций в аудиториях к онлайн образованию. Я думаю, многие университеты справились с

техническая сторона вопроса была самой меньшей проблемой. Но есть и психологическая сторона. По моему мнению, психологическая сторона заключается в том, чтобы по-настоящему быть студентом и быть преподавателем вам нужно контактировать с остальными студентами и своими коллегами. И то, что мы сделали во время пандемии было необходимо и мы с ней справились, случись это 30 лет тому назад, нам пришлось бы закрыть университеты.

Мы будем использовать больше информационных технологий, использовать онлайн преподавание и обучение, но мы не можем ограничиваться только этим. Вопрос не состоит только в том, чтобы использовать только один подход, а в том, как мы можем совмещать онлайн образование с лекциями в аудитории. Есть контексты, где проведение обучений онлайн это необходимость. Тем не менее, иногда студентам необходимо проводить обсуждения с другими студентами и нужен прямой контакт с преподавателем. Онлайн обучение нужно применять со студентами, которые не могут приходить в университет, с теми, кто живет далеко или работают, на пример.

Я убежден, что в течение 10-20 лет, университетом высокого уровня будет считаться тот, который способен комбинировать разные методы преподавания, применяя и онлайн обучение, и офлайн лекции, дискуссионные группы и т.д. Другой аспект, это информационные технологии. В современном мире очень много готовой информации, нежели 10 или 20 лет тому назад. Конечно, это очень хорошо, но и может быть вызовом, так как не все, что мы находим в интернете, может быть хорошего качества или вовсе правильным. И мы должны смотреть на это частично со стороны студентов, и частично обучить их критическому мышлению, чтобы они могли отличить надежные источники от менее надежных источников. Я думаю, что это будет главной задачей преподавателей во всех дисциплинах: развивать в студентах способность критического мышления, в том числе критическому подходу в определении источников. Первостепенным вопросом пост-ковидного периода является оказание помощи тем, кто пережил психологическую травму. Помимо этого, я думаю, что важно пересмотреть как мы преподаем и

С моей точки зрения, как представителя Европейской организации, которая работает над демократией и правами человека, у университетов, и образования в целом, есть 4 основных предназначения. Одно из них, конечно, это подготовка специалистов для рынка труда. Когда мы говорим о политике человеческих ресурсов, очень важным является предоставление студентам навыков и компетенций для их успешной карьеры на рынке труда, но это не является единственной целью. Высшее образование также должно подготовить студентов для общества. С нашей точки зрения, это означает что они должны быть активными гражданами демократического общества. Я не знаю, как здесь в Казахстане, но во многих Европейских странах и странах мира, студенты сосредоточены на своих личных ситуациях, а нам необходимо чтобы они были вовлечены в общество. Третий аспект, я бы сказал традиционное предназначение образования, это вклад в личностное развитие. Мы не часто об это говорим, но оно всегда присутствовало в сфере образования. В-четвертых, как общество, нам необходима передовая и обширная основа знаний. Нужны сильные компетенции в информационных технологиях, хорошее знание английского языка, а также знание казахского языка, русского языка, а также знание истории Казахстана, Европы и мировой истории. Очевидно, что многие компетенции для востребованности на рынке труда, также являются компетенциями, которые помогут вам быть активным в обществе и помогут вам для личностного роста.

ВЫПУСКНИКИ ВУЗА ДОЛЖНЫ БЫТЬ КВАЛИФИЦИРОВАННЫМИ

Если поразмышлять, такие компетенции как критическое мышление, аналитические навыки, навыки письма и презентации важны для любой высокопоставленной работы, но также и для общества тоже. Вместо того чтобы отвечать на ваш вопрос, что нужно больше бухгалтеров, нужно больше химиков и так далее, я думаю, что такие трансверсальные навыки более важны. Мы часто разделяем предметные навыки, то есть что историк должен знать об истории или что химик должен

было сделано, то многие университеты значительно развились. Болонскому процессу уже 23 года. Если посмотреть какие были университеты в 1999 или в 2000 годах и какие они сейчас, то я считаю, что сейчас они успешно работают над предоставлением тех двойных компетенций, о которых я говорил ранее. Я думаю, что одно из важных навыков – это знание иностранных языков, по крайней мере английского языка улучшилось. Например, я живу во Франции и это, наверное, не та страна, которая известна своим знанием иностранных языков, но тем не менее, я думаю, что французские студенты сейчас хорошо владеют иностранными языками, нежели студенты 20 лет тому назад.

Но если ваш вопрос заключается в том, что можно еще усовершенствовать, то ответ зависит от института. Но я думаю, что еще многое можно усовершенствовать и сделать так, чтобы студенты понимали, что помимо обучения, они должны быть активными гражданами, вносит свой вклад в развитие общества и смотреть за пределы своих нужд, и осознавать, как они могут помочь обществу. Что может сделать студент Казахского национального университета имени Аль-Фараби для общества и какой вклад внести в дальнейшее развитие Казахстана.

Если посмотреть на Европу, то мне трудно представить какое было бы европейское высшее образование без Европейского пространства высшего образования. Я не могу сказать, что европейская система вашего образования безупречна, конечно, нет. Тем не менее, я считаю, что оно помогло высшим учебным заведениям Европы сотрудничать так, как они не смогли бы без этого процесса. Мобильность студентов, мобильность преподавателей стали легче, у нас есть справочная система, что означает что, скажем, признание во Франции диплома, полученного в Казахстане относительно легче, чем было. Касательно контроля качества мы разговариваем на одном языке. Я думаю, мы развиваем общее понимание того, что является фундаментальными ценностями. Это очень важно.

Сейчас Министерство науки и высшего образования Казахстана работает над созданием Центрально-азиатского пространства высшего образования, это вопрос, который

Азии. Центрально-азиатское пространство высшего образования не будет просто копией Европейского пространства, нужно адаптироваться к региональным особенностям. Надеюсь, то, что было сделано нами, то есть включая Казахстан, в Болонском процессе, будет полезным для развития Центрально-азиатского пространства высшего образования.

Казахстан и Казахский национальный университет имени Аль-Фараби прошли огромный путь перем. Я был здесь 10-15 лет тому назад и уже тогда КазНУ был отличным университетом. И как мне кажется, вы не просто прошли это путь, но и были во главе этих перемен. Конечно, вы развиты технологически, но здесь есть что-то более важное. Вы смогли создать атмосферу, где студенты чувствуют себя как дома. Это, заслуга не только ваших студентов, но в первую очередь заслуга вашего преподавательско-профессорского состава, администрации вуза и ректора. Мое личное мнение, что КазНУ имени Аль-Фараби прекрасное место для пребывания, обучения и проведения исследований, так как ваши результаты в науке впечатляют. Пожелания вам для будущего, это своего рода пожелания вам развиваться дальше. Я верю и очень надеюсь, что Казахстан и университет продолжат вносить свой вклад в развитие высшего образования. Важно отметить, что Казахстану есть чему поучиться у Европейских стран, но и в то же время Европе есть чему поучиться у Казахстана. Обучение – это не односторонний процесс, оно происходит взаимно. Я чувствую себя здесь как дома и надеюсь получить здесь опыт и поделиться им с коллегами в Европе. Хочу еще раз поблагодарить ваших сотрудников и студентов, вашего ректора за теплый прием и пожелать всего самого наилучшего».

В ходе мероприятия Председатель Правления – Ректор КазНУ Жансеит Туймебаев поблагодарил профессора Бергана за содержательную лекцию и торжественно вручил диплом о присвоении звания почетного профессора Казахского национального университета имени Аль-Фараби и Золотую медаль КазНУ.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Әрбір адам арқылы қоғам өзгеруі қажет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында бүгінгі қоғамда аса өзекті саналатын негізгі мәселелерді ел-жұрттың талқысына салды. Соның ішіндегі «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» деген үшінші бөлімде халықтың келешегіне алаңдап, денсаулық сақтау, білім беру сияқты ең күрделі әлеуметтік мәселелерге тоқтайды.



ахуалға ерекше көңіл бөлді. Елімізді одан әрі дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктер мәселесін шешуді алға қойып отыр. Елімізде олигархиялық капитализмнің дәуірі аяқталды. Жаңа Қазақстан, әділетті Қазақстан құру

басты мақсатымыз деп атап көрсетті.

Өздеріңіз білесіздер, жалпыхалықтық референдум нәтижесінде еліміздің Ата заңы – Конституцияға 50-ден астам өзгеріс енгізілді. Бұл дұрыс шешім болды, соның нәтижесінде өткеннен тағылым алып, келешекке сеніммен қадам басып келе жатырмыз. Осы жолда елімізге ең алдымен ауызбіршілік, ақыл мен парасат, табандылық қажет. Сондықтан біз жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеп, терең білім және жоғары қабілеттілікпен адал еңбек етуге тәрбиелеуіміз керек.

Біз келешекте әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталып, мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси, салиқалы мәдениетті қалыптастыруға тиістіміз. Президент жолдауындағы міндеттерді шешіп, мақсат-мұратымызға жету үшін әрбір адам және бүкіл қоғам атсалысуы қажет. Себебі бұл еліміздің болашағы, тұрақты даму үшін, келешек қоғам үшін өте маңызды. Сондықтан мен бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақ тәуелсіздіктің қадір-қасиетін түсініп, еліміздің тыныштығын ойласа екен дегім келеді. Сөйтіп, мемлекетіміздің дамуына тірек, Отанымыздың адал азаматы болса деген ниет бар.

Төлеубек ПЕНТАЕВ,
техника ғылымдарының докторы, профессор

Республика Президентінің Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы жолдауларында көрініс тапқан әлеуметтік-экономикалық, саяси салалардағы игі қадамдар еліміздің дамуына жаңа серпін, бағыт-бағдар беретіні ешбір дау тудырмайды.

Халықтың әл-ауқатын жақсартуды дiттейдi

Президентіміз «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында мемлекет қызметі Қазақстан халқының игілігі үшін жасалуы тиіс екенін мемлекеттік биліктің барлық деңгейіне айқын түсіндірді. Мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына жан-жақты талдау жасады. Азамат құқықтарының шынайы жүзеге асырылуын мүмкін ету үшін, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекетте саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісімді орнықтыру, қоғамның әл-ауқатын жақсарту қажетті жаңа міндеттерді белгіледі.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мәселесіне үлкен орын беріледі. Ол республика Президентінің адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі ретіндегі конституциялық мәртебесінен туындайды деп айтуға болады. Тиісінше, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі Президент жолдауының өзегі болып табылады. Сондай-ақ жолдауда азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қауіпсіздігін қорғау мақсатында нақты міндеттер қойылып, оларды шешудің өзекті жолдары ұсынылды. Азаматтардың құқықтарын қорғауға және қауіпсіздігін күшейтуге ықпал ететін негізгі фактор ретінде сот және құқық қорғау жүйесіндегі реформа-



лар, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту танылған. Сонымен қоса, азаматтардың құқықтарын қорғау және оларды жүзеге асыру мүддесінде бюджеттік ережелерді енгізу керекін, азық-түлік бағдарламаларын әрі қарай жүзеге асыру, денсаулық сақтау жүйесін жандандыру, жұмыспен қамтамасыз ету, білімді ұрпақты қалыптастыру саясатын жалғастыру қажеттігі баса айтылды.

Мемлекеттік басқару органдарының халықтың әл-ауқатын, оның әлеуметтік жағдайын жақсартуға, сонымен қоса, мемлекеттің ең қымбат қазынасы ретінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын түрлі құқық бұзушылықтардан қорғауға деген жауапкершілігін арттыру – осы болашаққа ұмтылған бағдарламалық құжаттың – Президент жолдауының басты мақсаты. Жолдау халық тұрмысын бұрын болып көрмеген сапа деңгейіне көтеруді дiттейдi.

Әйгерім ЖАРБОЛОВА,
заң ғылымының кандидаты

Азаматтардың белсенді болуы абзал

Президент жолдауы саяси бағдарлама ғана емес, ол сонымен бірге конституциялық рәсім. Сондықтан жолдауда айтылған мәселе жолда қалмау үшін оның құқықтық мәртебесін анықтап, үйлестіру мен іске асыру тетіктерін бір жүйеге түсіретін заң қажет деп есептейміз.



дарға енген, Президенттің жолдауымен алынған жаңашыл талап.

Ұлттық құрылтайдың құрамына қоғамдық кеңес мүшелерінің енуі оң әсер етуде. Бұл Ұлттық құрылтай мен қоғамдық кеңестердің арасында институционалдық байланысты күшейтеді. Түптеп келгенде, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасы ел азаматтарының мемлекетті басқару ісіне белсенді қатысуын жандандырып, әділетті Қазақстанды қалыптастыруға негіз қалайды.

Қазыбек ДӘУІТӘЛИЕВ,
заң ғылымының кандидаты

Сондай-ақ кейбір бақылау формалары қаржылық шығындарды қажет етеді. Айталық, қоғамдық сараптама жүргізу үшін түрлі мамандарға жүгіну қажет болады. Экологтердің және т.б. арнайы білім иелерінің қорытындысы аз қаражат тұрмайды. Шамамен сараптаманың бір түрінің ғана нарықтағы құны 200-250 мың теңге. Қоғамдық кеңес жұмысы ақы төленбейтіндіктен, мұндай шығынды қатардағы азаматтардың қалтасы көтере бермейді. Осы сұрақ әлеуметтік тапсырыс негізінде не басқа да заңды жолдармен шешілуі тиіс деп ойлаймыз.

Үлкен мәселенің бірі – өңірлердегі қоғамдық кеңестерге жастар келмей отыр. Жастардың арасында, бәрі демейміз, жалпы алғанда, аполитиялық көңіл күй басымдау. Сондықтан шұғыл түрде, қай деңгейде болсын қоғамдық кеңестердің құрамында 35 жасқа толмаған кемінде 30 пайыз жас және әйел азаматтар болуға тиіс. Мұны үйлестіруші орган – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі заң әзірлеу жұмысында елестері деп сенеміз. Сондай-ақ бұл былтыр сайлау туралы заң-

Ұлағатты ұстаздардың басты міндеті – жалпы адамзатқа ортақ құнды қасиеттерді жастардың бойына сіңіру, бағыт-бағдар, тәлім-тәрбие, білім беру. Мұны біз жақсы түсінеміз және университетіміздің ұжымы Мемлекет басшысының жолдауында айтылған талаптарға сай қызмет етуде және біз ғалым ретіндегі ізденушілігімізді одан әрі жетілдіре береміз.

Президентіміз «Берекелі қоғам» деген тақырыпты текке таңдап алып отырған жоқ. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда елдің біртұтастығы қажет. Осы құжатта «Елдің экономикалық өсуіне, халықтың әл-ауқатына, білім мен ғылымға, тұрақтылыққа, тіл мен дінге және дәстүрге көп көңіл бөлу керек. Еліміздің күш-қуаты берекелі бірлікте, ендеше бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік» деген ой тастаған еді. Сондай-ақ осы жолдауда жаңа Қазақстанның жаңару жолындағы дамуының басты мәселелеріне, атап айтқанда: экономикалық, әлеуметтік-рухани және демографиялық

Президент жолдауында аталған басымдықтардың бірі – қоғамдық кеңестер. Бүгінгі таңда елімізде 250-ден астам қоғамдық кеңес жұмыс істеуде. Соның 30-дан астамы республикалық деңгейде, ал 220-сы жергілікті аумақтарда құрылған. Орталық мемлекеттік органдар жанынан құрылатын республикалық деңгейдегі қоғамдық кеңестердің жұмысы осы күні бір ізге түсіп, нәтижелі жұмыстар көрсетіп келеді. Өңірлерге қатысты жағдай ала-құла: кей өңірде қарқынды даму бар (мәселен, Алматы қалалық қоғамдық кеңесін айтуға болады), екінші бір жерлерде баяу қозғалуда. Бұлай болуының себептері де сан түрлі: бірінші кезекте азаматтық қоғам белсенділігінің төмендігі; екіншіден, үйлестіруші мемлекеттік органдардың ішкі ведомстволық мүддесінің жоғары тұруы; үшіншіден, қаржыландыру сұрағының оңтайлы шешілмеуі сияқты мәселелер.

Жылына 1200-дей қоғамдық кеңестің отырысы өтеді екен. Сонда орта есеппен әр қоғамдық кеңеске төрт отырыстан келіп отыр. Бұл – үш айда бір рет қана өткізіледі деген сөз. Белсенділік айтарлықтай емес.

Жазушы, драматург Дулат Исабеков 1966 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Болашақ жазушы университет қабырғасында жүргенде-ақ шығармашылыққа бет бұрды. Қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар қаламгердің шығармалары әлемнің бірқатар тілдеріне аударылды. Драматургияда да өзінің сара жолын айқындай алды.

Дулат ИСАБЕКОВ, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері:



Төртінші курстан танымал болдым

– Студент кезімде жақсы оқыдым дей алмаймын. Диплом қорғағанда академик Зейнолла Қабдолов ағай: «Әй, Дулат, сен менен үш алған екенсің ғой. Қалай үш алып жүрсің?» – деп таңғалғаны бар. Жастық шақта кеде босаңситын кездер болады. Босаңсыған шығармыз, дайындығымыз аздау болып, билеттегі сұрақты білмей қалған болармыз, дегенмен дипломды беске қорғадым. Бірінші курстан бастап, тіпті ауылда жүріп шығармашылық жағына көңілімді көбірек бұрдым-ау деймін. «Жолда» деген тұңғыш әңгімем екінші курста оқып жүргенде «Замандастар» жинағына енді. «Қазақстан жазушыларының әңгімелері» деген үлкен кітап болды. Әңгімем осы жинаққа енгеннен кейін жолым ашылды. Төртінші курста «Шойынқұлақ» деген әңгіме жазып, ол «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің үш нөміріне қатар басылды. Ол заманда үш нөмірге қатар әңгімесі басылу аспаннан комета түсті дегенмен бірдей болатын. Өйткені газеттің өзі санаулы еді. Жастар шығармашылығын насихаттайтын бір-ақ газет болды. Ол осы – «Лениншіл жас». Таралымы – 1 миллион. «Лениншіл жасқа» бір рет шыққан ақын-жазушының аты белгілі болатын. Үш нөміріне қатар шыққан соң, танымал болып шыға келдім. Тіпті өзім студент болсам да, КазГУ-де кездесулерге шақыра бастады. Бесінші курста «Бекет» деген кітабым шықты, – дейді Дулат аға.

Ол бесінші курста Мұхтар Әуезов атындағы әдеби үйірменің жетекшісі болды. Сол жылдары Жайсаңбек Молдағалиев, Қалихан Ысқақов, Рамазан Тоқтаров, Есенжол Домбаев, Асқар Сүлейменов сынды жас жазушылар шықты. Кейінгі толқын соларға еліктеп, солардың қасында жүргеніне, дос болғанына мез болды. Сол кезден қалыптасқан, өзіндік жолын айқындаған жазушылармен дос болып, солардың ортасында жүру шығармашылық жағынан өсірді. Студент Дулат, расында да, көп оқып, көп ізденді. Ги де Мопассанды да сол кезде оқыған, бірақ оқымаған жігіттер бес алып кетті де, оқыған бұл үш алды. Әңгімені жақсы айтатындар болады ғой. Оған өкінген жоқ. КазГУ-дің атақты студенті болып оқуды бітірді.

– Тас жауып тұрса да, дәрісін жібермейтін ұстаздарым – Зейнолла Қабдолов, Темірғали Нұртазин және Светлана Михайловна Сагалович. З.Қабдолов әдебиеттің нөмірі бірінші теоретигі болды. Сабағы өте салмақ-

ты өтетін. Өмірде көргенімен түйсітіріп айтатын. Тырс еткен дыбысты көтере алмайтын. Ренжімейтін, бірақ «Әй, сендер тыңдамай отырсыңдар ма? Онда сыртқа шығып кішкене бой сергітіп қайтыңдар» дейтін. Соның өзі бізге түсінікті болатын. Темірғали Нұртазин репрессияға түскен адам. Ортаға келіп орындықты қойып отыратын да, сабақты қызық, ерекше бастайтын. Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің лирикалық шығармалары туралы болса, Сәкен өмірінің қызықты сәттерінен біраз әңгіме айтатын. Светлана Сагалович антикалық әдебиеттен сабақ берді. Өзі көрікті, әңгімені майын тамызып айтатын адам. Ұстазымыздың арқасында антикалық әдебиеттен жақсы білім алдық. Айтқан дәрісін ұйып тыңдап, ертеңіне өзіне айтып бергенімде таңғалатын. Н.Сац атындағыорыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдертеатрында спектаклім қойылғанда Светлана Михайловна театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі екен. Мені ұмытпапты. «Бүгін менің студентімің спектаклі қойылып жатыр. Мен онымен мақтанамын» деп өзгелерге таныстырғаны бар, – дейді Дулат аға ұстаздарын еске алып.

Жазушы мектеп жасынан, одан студент кезде өз әдебиетімізге біршама қанықты. Ауылда өскен бала үшін батыстың темір шымылдығы жабық болды. Бірінші курстан кейін қараса, әдебиеттің бүкіл құндылықтары батыста жатыр екен. Содан қатарластарымен бірге жаппай кітап оқуға кірісті. Соларды оқыған соң, шығарма жазуға деген көзқарасы да өзгерді.

– Мен осы студент кезімде қыздар әлеміне назар аудармаппын. Жатақханада сегіз бала жатамыз. Ол кезде бір жақсысы – оқыған кітаптарымызды бір-бірімізге айтып, талқылайтынбыз. Әркім өз пікірін айтып, қырғын талас болатын. Осы таластың өзі өсіреді. Ақселеу Сейдімбекпен қатар оқыдық, екеуміз жатақханада үстелді ортаға қойып алып, қара терге түсіп теннис ойнайтынбыз. Алматыда бірге оқығандардан Сауық Жақанова мен Темір Тасболатовтар бар. Төлен Әбдіков бір курс жоғары оқыды. Бексұлтан сыртай оқыды, бірақ студенттік шақтан араласамыз. Елу бала оқыдық. Елу баланың елу түрлі мінезі бар. Солардың көбі – шығармаларымның кейіпкері. Қатарластарымыз Төлен Әбдіков, Бексұлтан Нұржекеев, Қадірбек Сегізбаевтар сексенге келіп қалды. Біздің алдымыздағы ағаларымыздан сексенге келген Ғабиден

Мұстафин мен Ғабит Мүсірепов болды. Әбдіжәміл Нұрпейісов ұзақ жасаудан өз алдына рекорд. Заманның жақсылығы ма екен, біз сексенге оңай келген сияқтымыз. Біздің алдымыздағы толқынның көрмегені жоқ. Ашаршылықты, соғысты, небір зұлмат заманды бастан кешірді. Сон-

әлемнің патшайымы» деген атпен қойғалы отыр.

– Біз үшін өзіміз білім алған, әдебиетке ден қойған қара шаңырақ ҚазҰУ-дың жөні бөлек. Бұрын кездесулерге жиі шақырып тұрушы еді. Студенттермен кездескенде әдебиетке өте құмар қыз-жігіттерді көретін-

дәмі өзгереді. Шығармашылық та солай. «Ертең жазам, бүгінгіні жазам» дегенде идеяң суып қалады. Араға басқа идеялар кіріп кетеді. Идея келген бетте шап беріп ұстап алып, не болса да, бітіріп шығу керек. Өзім барынша солай етуге тырыстым.

Аристотельдің «Талант аспаннан келеді» дейтіні бар. Аспаннан келіп жатса жақсы, бірақ «аспаннан келеді» екен» деп сеніп отыра беруге болмайды. Оған еңбек, оқу-білім қосылу керек. Біздің жазушыларымыздың басым бөлігі көп кітап оқымаған. Әсіресе драматургтер. Драматургияның теориясын, ұңғыл-шұңғылын білмейді. Бір шай ішкенін үш-төрт бетке жазады. Шетел оны қайтеді? Оқымайды. Ықшамдық керек, әсіресе драматургияда. Прозада бір сөз артық, бір сөз кем бола беруі мүмкін. Ал драматургияда оны кешірмейді. Өйткені 800 беттік «Анна Каренина» романын сен 70 бетке түсіруің керек. Студенттерден «Жазушылықтың, әсіресе драматургияның қиындығы неде?» деп сұраймын. Біреулері жазуды айтады. Оның бәрі шығармашылық процесс. Оның қиындығын екінің бірі біледі. Драматургтің лексиконында «білмеймін» деген сөз болмауы керек. Сендер отыз жастан кейін әлемнің бүкіл оқиғасынан хабардар болып отыруларың керек. Сендерге «саясатпен айналысыңдар, саясаттанушы болыңдар» деп жатқан жоқпын. Әлемде саяси бағыт қалай болып жатқанынан хабарларың болу керек. Д.Менделеев химияда, Н.Лобачевский математикада қандай жаңалық ашты, міне, осы сияқты басты жаңалықтарды білу керек. Әлемдік музыкадан құлағдар болған жөн. Жазушылардан өзгеріс енгізген реформаторлар – неміс жазушысы Бертольд Брехт, америкалық драматург Артур Миллер сияқты басты-бастылары білуге тиіссін. Классикалық музыканы біліп, баллеттен хабарларың болу керек. Соның бәрін білгенде шығармашылығыңның зияткерлік деңгейі жоғары болады. Мысалы, Мұхтар Әуезов Ленинград университетінде Фадеев, Савельевтермен оқыды. Ал Сәбит Мұқанов рабфакты бітірді. Екеуінің шығармашылығын салыстырып қарағанда деңгейі аспан мен жердей. Әуезовтің барлық шығармасы өлемдік деңгейде. Сәбең көрген-білгенін баяндап кете береді. Әуезов Фадеевпен, Савельевпен «сен» деп сөйлескен адам. Өйткені деңгейі бірдей. Білімнің қаншалықты керек екенін осыдан-ақ аңғаруға болады, – дейді ол.

Дулат аға көрген-түйгенін студенттерге айтудан жалыққан емес. Түрлі мысалдар келтіріп, ұлы тұлғалардың жақсы қасиетін үлгі тұтады.

– Пьеса жазуға талаптанғандар «Мен Әуезов, Мүсірепов немесе Чехов емеспін ғой» деген жаман ойды мүлдем санадан шығарып тастау керек. Олай ойлайтын болсаңдар, жазу үстеліне отырмаңдар. «Мен олардан кем емеспін» деген ой болу керек, сол ой сені биікке қарай жетелейді. Ол үшін көп біліп, көп оқу қажет. Өз ойыңды, характеріңді, жағдайыңды олармен салыстыру керек. Адамның өзіне-өзі сын көзбен қарай білгені жөн. Қазақта «Іштен шыққан шұбар жылан» деген сөз бар. Оны тоқтағындар. Балаларына қарап «жаман да болса іштен шыққан шұбар жылан ғой» деп айта салған сөз ғой. Бұл – шығарма! Ол ең алдымен өзіңді қанағатандырмаса, басқа жұртты қалай қанағаттандырады?! – дейді жазушы.

Біз үшін өзіміз білім алған, әдебиетке ден қойған қара шаңырақ ҚазҰУ-дың жөні бөлек. Бұрын кездесулерге жиі шақырып тұрушы еді. Студенттермен кездескенде әдебиетке өте құмар қыз-жігіттерді көретінмін. Солардың көбі бүгінде журналистикада, әдебиетте өз орнын тапты. Проза, поэзияда өз қолтаңбалары бар.

дай топалаң, ашаршылық, қырғын, айтыс-тартыс, «халық жауы» деп бүгін алып кетуі мүмкін, алай-бұлай заманға қарамастан, Ғабит Мүсірепов ақсүйектікті сақтап қалған. Киім киісі, сөйлеу мәнеріне қызығатынбыз. Үстіндегі плащы сары болса, міндетті түрде сары қолғап, сары туфли киетін. Шалбарының қыры кетпейтін. Бәтіңкесі жалтырап тұратын. Бірде Ғабиден Мұстафиннің «Әй, ар жағыңдағы адам кетіп қалды-ау деймін, Ғабиттің бәтіңкесі арқылы оның суретін көріп отыр едім» деп әзілдегені бар, – дейді ол.

Дулат аға жазушы ретінде де, драматург ретінде де қашанда сұраныста. Сол себепті шығармашылығына, оның жарық көруіне өкпесі жоқ. Шетелдің он театрында пьесалары қойылды. Лондонда екі, Санкт-Петербургда үш спектаклі жүріп жатыр. Өзге республикаларды, өзіміздің театрларды есептеп жатпай-ақ қояйық, Австралияның Мельбурн қаласында спектаклі қойылуда. Мельбурн қай қазақтың спектаклін қойып еді? Кейде әкімшіліктегілер селқос тыңдағанда «Сонау Мельбурнның театры қазақ пьесасын қойып жатқанда сендер қалай селт етпейсіңдер? Мельбурнға облыстық театрдың премьерасындай қарайсыңдар. Ол – Мельбурн! Онда қазақ пьесасы бірінші рет қойылып отыр» деп айтатыны бар. Мельбурн театры драматургтің екінші пьесасын қоюға дайындалып жатыр. 10-16 желтоқсанда онда үлкен премьер болмақ. «Берте» спектаклінің атын өзгертіп, «Берте –

Сексенге қарай қадам басқан жазушы әлі де қауырт жұмыс үстінде. Алға қойған мақсатта, орындасам деген жоспар да көп. Соған қарамастан, «Qazaq universiteti» газетіне сұхбат берген Дулат ағаға ұзақ өмір тілейміз!

Пресс-служба КазНУ стала лауреатом международного конкурса

В Алтайском госуниверситете состоялся «Медиа-диалог университетов Большого Алтая и Центральной Азии». Темой встречи стало подведение итогов и награждение победителей I международного конкурса на лучшее освещение в СМИ научной деятельности вуза в сфере алтаистики и тюркологии «Медиа-Науруз».



«За науку» Алтайского госуниверситета за материал «Все началось с Чингисхана».

Главный специалист департамента информации и коммуникаций КазНУ им. Аль-Фараби Каиржан Турежанов поблагодарил организаторов, назвал конкурс «хорошим начинанием». «Идея конкурса объединяющая и очень нужна в наше время, наш университет готов продолжить в нем участвовать» сказал в свою очередь.



Руководитель Центра информационной политики и медиакоммуникаций ВКТУ им. Д. Серикбаева Карлыгаш Касымова также отметила масштабность конкурса и выразила надежду, что информационное сотрудничество вузов продолжится. Проректор по информации и связям с общественностью КРСУ им. Б.Н. Ельцина Леонид Сумароков также отметил важность международного конкурса и выразил готовность коллектива пресс-службы и в дальнейшем принимать в нем участие. По словам академика Евразийской Академии телевидения и радио, профессора КазНУ им. Аль-Фараби, члена жюри конкурса Лайлы Ахметовой, конкурс помог ей посмотреть на работу университетских пресс-центров с нового ракурса. «Такие конкурсы нужно проводить, и как можно с большим охватом», — уверена Лайла Ахметова.

Специальный приз жюри получила национальная телерадиовещательная корпорация Кыргызской Республики (телеканал «Маданият») за видеоматериал «Город на дне Иссык-Куля». Также специальным призом руководителя проекта «Тюркский мир Большого Алтая» профессора Сергея Землюкова награждена пресс-служба Восточно-Казахстанского технического университета им. Д. Серикбаева за материал об итогах II Международного алтаистического форума «Тюрко-монгольский мир Большого Алтая: историко-культурное наследие и современность».

Руководство АлтГУ подготовило для победителей сертификаты на прохождение курсов повышения квалификации по магистерским программам НОЦ алтаистики и тюркологии «Большой Алтай»: - серти-

фикат «Этнокультура и современные арт-практики регионов Большого Алтая» — КРСУ им. Ельцина; - сертификат «Основы Data Science и визуализация данных на Python» — КазНУ им. Аль-Фараби; - сертификат «Методики экспертных оценок коммуникационных продуктов» — ВКТУ им. Д. Серикбаева.

Информационные партнеры конкурса — телеканал «Большая Азия» — также вручили три своих специальных приза.

Специальные призы получили:

- коллектив телеканала «Маданият» — за видеофильм «Крепость Чолок Коргон»;
- коллектив газеты «За науку» Алтайского госуниверситета — за репортаж Ники Столповской «Археология онлайн» и интервью Аркадия Шабалина «Всё началось с Чингисхана»;
- коллектив департамента информации и коммуникации КазНУ им. Аль-Фараби — за материал «Аль-Фараби – Икбал»: возрождение исторической памяти тюркского мира»;
- коллектив пресс-службы КРСУ им. Ельцина — за видеосюжет «РГУ и КРСУ начали подготовку к году русского языка».

— Сегодня очень важно для всех нас, чтобы народы наших государств больше знали об истории, культуре, традициях, с чего начинается наша Родина и где те корни, которые могут объединять наши народы, — отметил генеральный директор телеканала Александр Лебедев.

Медиадиалог завершился обсуждением планов дальнейшего сотрудничества пресс-центров: участники поделились идеями совместных научных и информационных проектов, общих магистерских программ.

Международный конкурс на лучшее освещение в СМИ научной деятельности вуза в сфере алтаистики и тюркологии для сотрудников пресс-служб, журналистов корпоративных изданий вузов и научных институтов Большого Алтая и Центральной Азии «Медиа-Науруз» проводится при поддержке «Ассоциации Азиатских университетов» и «Гильдии межэтнической журналистики». Информационными партнерами конкурса выступили телеканал «Большая Азия» и портал «Национальный акцент» «Гильдии межэтнической журналистики».

Юлия ЯВИНСКАЯ,
руководитель информационного центра НОЦ «Большой Алтай»
г. Барнаул

А начале октября в Кыргызском национальном университете им.Ж.Баласагына (г.Бишкек) прошел XXXIV съезд Евразийской ассоциации профсоюзных организаций университетов. Ассоциация объединяет более 60 университетов из Азербайджана, Армении, Беларуси, Казахстана, Кыргызстана и РФ. Основная тема съезда «Национальные особенности развития профсоюзного движения в университетах: законодательные аспекты и практика деятельности» очень близка профсоюзу «Парасат» работников КазНУ. Мы являемся одним из старейших членов Ассоциации и постоянно участвуем в её работе.

Ассоциации профсоюзных организаций университетов – 35 лет



На пленарном заседании президент ЕАПОУ, Проректор МГУ имени М.В.Ломоносова, председатель Объединённого профкома МГУ И.Котловский предложил обсудить тенденции развития систем высшего образования, вызванные ими изменения в работе профсоюзных организаций университетов, новые подходы по оплате труда и социальной защите работников и обучающихся университетов стран – участниц Ассоциации. Делегатов приветствовали ректор МГУ им. М.В.Ломоносова В.Садовничий и ректор КНУ им. БаласагынаТ.Абдырахманов.

В своем докладе я рассказала о достижениях КазНУ за последние годы, о значительном увеличении заработной платы работников, об улучшении условий труда преподавателей и быта студентов, о работе над коллективным договором и о том, как профсоюз выстраивает социальное партнерство с руковод-

ством университета. Выступление вызвало большой интерес у собравшихся. Председатель студенческого профсоюза «Сункар» Б.Нуридин осветил молодежную политику вуза.

Своим видением работы вузовских профсоюзов поделились председатель объединенного профкома КНУ им. Ж.Баласагына К.Жумабеков, председатель профкома Гродненского государственного университета им. Янки Купалы И. Кергет, председатель Ереванского государственного университета Г. Арутюнян, профессор Чувашского государственного института культуры и искусств В. Васильев, представитель Северного (Арктического) федерального университета им. М.В. Ломоносова (г.Архангельск) С.Сорокин, председатель профкома Дагестанского государственного университета Н.Рабазанов и другие.

Анализируя работу съезда хочется отметить, что перед нашим профсоюзом встают новые задачи поиска инновационных путей деятельности.

Ольга ЛОЖНИКОВА,
заместитель
председателя
профсоюза «Парасат»
работников КазНУ им.
Аль-Фараби, делегат
34-го съезда ЕАПОУ

Абель Полесье – Дублин қалалық университетінің қызметкері, ғалым, әуесқой музыкант. Он бес кітаптың және 100-ден астам рецензияланған мақалалардың авторы. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетіне шақырылған профессор. Қазіргі таңда Таллинн университетінің бейресми экономика, бейресми және баламалы басқару тетіктері, қоғамдық даму теориясы мен практикасы саласында аға ғылыми қызметкер.

Абель ПОЛЕСЬЕ:

Ізденімпаз ғалымдарға жол беру керек

меттік және коммерциялық емес секторында кеңесші болып жұмыс істеген. Бүгінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген жас ғалымдармен жұмыс атқаруда. Абель Полесье Эдинбург, Таллинн, Дрезден, Одесса, Киев университеттерінде қызмет атқарған. ҚазҰУ-дан бөлек, Бейжіңдегі Жэньминь, Үндістандағы Тезпур, Венгриядағы Корвинус, Хорватиядағы Дубровник және Риека университеттерінде шақырылған профессор, сарапшы болып қызмет еткен. Сонымен қатар ғалым менеджмент және академиялық карьераны стратегиялық ойластыру саласына қызығушылық танытады. Оның The SCOPUS Diaries and the logics of Academic Survival: A Short Guide to Design Your Own Strategy and Survive Bibliometrics, Conferences, and Unreal Expectations in Academia еңбегі Астана қаласында таныстырылып, қазақстандық ғалымдардың үлкен қызығушылығын тудырды. Зерттеуші бұл еңбегінде академиялық өмір, ментальды денсаулық және жеке өмір мен жұмыс арасындағы балансқа тоқталған. Сондай-ақ жас зерттеушілердің карьера бастаған сәтте алдынан шығатын таңдаулары мен кедергілері жайлы ой жүгірткен.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұстаздар ұжымымен, студенттерімен ғылыми ізденістерді ынтымақтастыққа жүзеге асырды. Осы үдеден шығу жолында оқу-ағарту саласында атқарылған істер аз емес. Студенттердің жан-жақтылығы білім ордасында дәріс беруге қызығушылығымызды оятты. Биыл Қазақ ұлттық университетінде «Тәуелсіз Қазақстанда саясатта-



нудың қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында V пікірталас алаңы өтті. Іс-шараға Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы, кафедраға арнайы шақырылған шетелдік профессорлар мен докторанттар қатысты. Осы іс-шараға онлайн форматта болса да, атсалысқанды қуанышпен айта аламын. Мұнда Қазақстанның және бүкіл ТМД жас ғалымдарының алдында тұрған кедергілер мен сын-қатерлер туралы азды-көпті ой толғадым. Мен үшін ынтымақтастық қарым-қатынас қызықты әрі пайдалы болды. Алдағы уақытта да Қазақстандағы беделді оқу орындарымен жұмыс істеуге мүдделімін, – деді ғалым.

Абель Полесье өзінің қосымша сүйікті жұмысы ретінде The Scopus Diaries жинағынан басқа, жаңа ел, мәдениеттермен алғаш

ұшырасқан кезде оқуға қажетті саяхат тәсілін ұсынып, World Travel Guide деген жобамен айналысып жатқанын тілге тиек етті. Сонымен қатар сарапшы Еуропа, Азия, Латын Америкасы мен Африкадағы басқару және даму мәселелеріне қызығушылық танытады. Білім ордаларында жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктерін шешуге бағытталған шараларды әзірлейді. Сондай-ақ жас зерттеушілерді оқытатын ғылыми қызметкер. Көптеген ғылыми еңбектер мен жобаларға төрелік ететін Полесье егер зерттеушінің өтінім жазбауға немесе байқауға қатыспауға бір себебі болса, мұны қолға алудың қажеті жоқ деп санайды.

– Өз зерттеулеріне шынымен құмар, өзіне және жұмысына сенетін, жоспарлары мен ғылыми идеяларын жүзеге асыру үшін

барлық мүмкіндікті пайдаланатын ізденімпаздарға жол беру керек. Ғылыми жобаларды өңдеу, сараптау күрделі және уақытты қажет ететін процесс екенін есте ұстаған жөн. Бұл айтарлықтай материалдық әрі уақыт ресурстарын қажет етеді. Сондықтан егер сіз ғылыми жобалар конкурсына қатысуға шешім қабылдаған болсаңыз, онда сіз ең жақсы нәтижеге қол жеткізіп, қолыңыздан келгеннің бәрін жасауыңыз керек, – дей келе, беделді сарапшы соңғы он жылда Қазақстандағы ғылыми жобалар конкурсына берілген өтінімдердің сапасы айтарлықтай артқанын атап өтті.

– ҚазҰУ жастарында ғылыми ізденіс дамып келе жатқаны анық. Демек, бұл Қазақстандағы ғылым дамуының оң өзгерісін көрсетеді. Бүгінгі таңда бейресми зерттеулердің ауқымы кеңейген сайын, әдістер мен тәсілдердің өзгеріс тапқанына куә болудамыз. Ал жергілікті мәдени ерекшеліктер ескірді. Бірақ ғылымның бұл өркендеуі ғалымдар арасында кейбір терминологиялық шатасуларға алып келгені анық. Аталмыш құбылысты жалпылау мен банализациялауға әкеп тірейді. Біз барынша жас зерттеушілерге осы бір шырмауықтан шығатын жол жайында, шетелдік сарапшылармен тиімді қарым-қатынас құру, сарапшылар пікірі әртүрлі болған кезде консенсусқа қалай қол жеткізу турасында кеңес беруге тырысамыз. Қабылдау комиссиясының мүшелері конкурстың соңғы күндерінде өтініш берушілермен байланысын шектеуді жөн санаймын. Өйткені зерттеуші өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға екі-үш күн қалғанда зерттеуін жаза бастаса, бұл өтініш берушінің қызығушылығы мен жауапкершілігінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Ғылыми өтінімді дайындау және жазу – бұл белгілі бір уақытты, тәжірибені қажет ететін үлкен жұмыс. Сондықтан конкурс басталмай жатып дайындалған жөн, – деді Абель Полесье.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Ұлағатты ұстаз туралы үзік сыр

Білім мен ғылым жүйесінде бірінен-бірі ажырағысыз үш тұғырнама бар, олар – мұғалім, оқытушы және ұстаз деген ұғымдар. Бұл парасаты биік ұштасуды екіншісі бірі бағындыра алмайтыны баршамызға белгілі. Осы үш ұғымды қатар ұстап, бар парасат-пайымымен оған қызмет ететіндер некен-саяқ.

Солардың бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымының докторы, профессор Алуа Ибраева. Қанша жылдан бері осы оқу орнында табан аудармай, табандылықпен жұмыс істеп келеді.

Алуа Саламатқызы 60 жастың биігіне шықса да, оны дубірлі той қылып атап өтуден бас тартып, өзіне тән баз баяғы қарапайымдылығынан таймады. Жоғарыда біз атап өткен үш тағанды Алуа Саламатқызына теңеп отырумыз бекер емес. Көп жағдайда орта мектепке қатысты «мұғалім» деген сөзді қолданамыз. Әрине, бұл өзі солай болса да, Алуа Саламатқызына да, мектепте мұға-

лімдік қызмет атқармаса да, тән қасиет деп есептеуге болады. Өйткені ол кісінің жетекшілігімен тәуелсіз Қазақстан тарихындағы алғашқы мектеп оқушыларына арналған «Құқық негіздері» пәні қазақ, орыс, ұйғыр және өзбек тілдерінде дайындалған болатын. Бұл оқулық қазіргі таңда 2003-2020 жылдары бірнеше рет баспа бетінен жарық көріп, мектеп оқушыларын құқықтық білімнің негіздерімен сусындатуда.

Тумысынан оқытушылық дарыған тұлғалар болады. Дәл осы қасиет Алуа Саламатқызының өмірлік серігі және ұстанымы десек артық кетпейміз. 1980 жылдан бүгінгі күнге дейін оқытушылық қызметтің сан белесін бағындырып өтті. Оқытушылық қызметте де, тек ассистенттен профессор дәрежесіне жетіп

қана қойған жоқ. Сонымен қатар қазақстандық белгілі ғалым, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымының докторы, профессор, марқұм Ғайрат Сапарғалиевпен қазақ тілінде алғаш болашақ заңгерлердің әліппесі болып табылатын «Мемлекет және құқық теориясынан» оқулық жазып шығарды. Қазіргі кезеңде бұл оқулық бірнеше басылымнан өтіп, Қазақстанда заң білімін үйрететін оқу орындарының кітапхана сөресінен табылатын еңбектер қатарынан көрінуде.

Ұстаз деген киелі ұғым болса, сол ұстаздық парасаты көрсете білу де қаншалықты қиын екені баршамызға белгілі. Әрине, ұстаз болу бақыт десек, сол бақыт құсы

қонған жанның бірі – Алуа Саламатқызы. Ол өзінің тәлімгері Сұлтан Сартайұлының ұстаздық жолымен Қазақстанның заң ғылымында аянбай еңбек етіп жүрген шәкірттерді тәрбиелеуде. Бүгінде жоғары оқу орындарында жемісті еңбек атқарып жатқан А.Сманова, С.Сартаев, А.Қаратаева, С.Есетова және т.б. атап өтуге болады.

Алуа Саламатқызының кандидаттық және докторлық диссертациясының арқауы болған тақырыптардың бірі майдан қыл суырғандай шыдамдылықты қажет ететін, өте кірпияздықты талап ететін құқықтық мәдениет болып табылады. Құқықтық мәдениет – ауқымы кең, арнасы құқық ғылымымен ғана шектеліп

қоймайтын, философиялық пайымды қажет ететін мәселенің бірі. Осы тақырыпқа жүрексіңбей бара білудің өзі ерлікпен парапар. Қазіргі кезде заң факультетінің студенттеріне «Құқықтық мәдениет» арнайы курс ретінде оқытылады. Бұл – Алуа Саламатқызының теорияны тәжірибемен біріктіруге ұмтылған қадамдарының бірі.

Ғалымның ерекше атап өтетін тағы бір қасиеті – ұстазға творчестволық тұлға ретінде қарауында. Бүгінгі таңда Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып отырған профессор Алуа Саламатқызы қатал талап қоюмен қатар, шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін оқытушыларға академиялық еркіндік бере біледі. Бұл, біздің ойымызша, кафедра меңгерушісі деген аттың байыбына толық бара білгендік.

Алуа Саламатқызын шын жүректен бүгінде жеткен биік белесімен құттықтап, шығармашылық, отбасылық табыстар тілейміз!

Бақытжан ҚУАНДЫҚОВ,
Ұлттық заң академиясының президенті және академигі

Динара ТҰРСЫНҚҰЛОВА,
заң ғылымының кандидаты



ҚазҰУ жастары EcoStudentKZ челленджін қолдады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері EcoStudentKZ республикалық челленджіне қолдау білдірді. Алматының Көкжайлау үстірті мен Бұтақты шатқалын қоқыстардан тазарту жұмыстарына қатысты. Сондай-ақ ҚазҰУ қалашығында жалпы университеттік сенбілік өтті.

Суреттерді түсірген Марат ЖҮНІСБЕКОВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.